# ОҚУШЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ОРАСАН ЖАУАПКЕРШІЛІК

**Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Айнұр Әбдірәсілқызымен сұхбат.**

**–Армысыз, Айнұр Әбдірәсілқызы! Таяуда жарияланған ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптары қоғамдық пікірге біршама қозғау салды. Мәселенің мән-жайын бірқатар мамандар айқындап беруге тырысты. Әрі сарапшы, әрі дін саласының маманы ретінде осы мәселеге түйінді көзқарасты Сізден естігіміз келеді...**

– Мәселеге ешбір эмоциясыз, сарабдал сана көзімен қарасақ, ашығы сол –мектеп формасына қойылатын талаптарда ешқандай өзгеріс болған жоқ. Неге дейсіз бе?

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының сонау 2007 жылғы 27 шілдедегі мәтінінің 49-бабының 3-тармағында «Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға міндетті» деп көрсетілген болатын. Ол қағидалардың бірі – орта мектептер жарғысындағы мектеп формасын сақтау еді.

Осы міндеткерлікті тиянақтай түсу мақсатында 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңмен Білім туралы заңға толықтырулар енгізілді. Енді заңның 47-бабының15-1-тармағында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің міндеті ретінде: «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Өзге білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті» деген ережелер атап тұрып енгізілді.

2015 жылдың 13 қарашасында мәселені одан әрі нықтай түсіп, Білім заңының5-бабына білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті ретінде «орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді» (14-1) деген ереже қосылды. Оған қоса 49-бапта ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге, білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті екендігі тайға таңба басқандай көрсетілді.

Сондықтан мектеп формасына қатысты қағидалардың арысы он жыл, берісі бес жыл білім жүйесінде кеңінен қолданылып келе жатқанын атап айтуымыз қажет. Білім және ғылым министрлігі бар болғаны сол ережелерді айқындай түсу мақсатында бөлек құжатқа біріктіріп, талаптар ретінде жүйелеп жариялады. Оны жаңа талап ретінде жатырқай қабылдаушылар шыққанда өз басым: «Осынша уақыттан бері базбір ата-аналар Білім туралы заңнан бейхабар болып немесе орындамай келген бе?» деп таң қалдым.

**–Ал талаптардағы «діни атрибутиканың қолданылмауы қажет» дегенге қатысты не айтар едіңіз?**

–Сол мәселеге қарай ойысып келеміз. Мектеп формасына қойылатын талаптар мәтінінде «діни атрибутиканың қолданылмауы» деген тіркестің қамтылуына келсек, «мектеп формасын сақтау» дегеннің өзі «басқа ешбір атрибутиканы қолданбау» дегенді білдіретіні санасы сау қазаққа бесенеден белгілі. Және бұл тек діни атрибуттарға ғана емес, басқа да ерекшеліктерге тыйым салынатынын білдіреді. Мәселен, бала мектепке еркін киім үлгісімен, сәнді немесе спорттық киімдермен, жарқыраған әшекей бұйымдармен келе алмайды ғой. «Форма» ұғымы соның бәрін реттейді. Дұрысы, бұрыннан реттеп келген.

Форма тек мектепке тән ерекшелік емес. Көптеген кәсіби салалық мекемелер оқу орны, жұмыс орны деп бөлместен, барлық деңгейлерде белгілі бір формаларды сақтауды талап етеді. Оның барлығы кәсіби, техникалық, гигиеналық, тағы басқа талаптардан туындайтыны белгілі.

Мектеп формасының да көтеріп отырған өзіндік әлеуметтік-тұлғалық жүгі бар. Біріншіден, кез келген форма белгілі бір мекемеге қатыстылықты білдіретіндіктен, тұлғаға сол мекеме алдындағы жауапкершілікті жүктейді.

Екіншіден, форма – құқықтық қатынастар шегін айқындайтын бақылау құралы. Қарапайым мысалмен өрнектесек, мектеп формасындағы бала сабақ уақытында көше кезіп жүрсе немесе компьютер клубында ойын ойнап отырса, кез келген учаскелік полиция қызметкерінің оның мән-жайын сұрап, қадағалауға құқығы бар.

Үшіншіден, біртекті форма мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік тұрғыдан жіктелуіне, психологиялық қысымдардың орын алуына жол бермейді, яғни «бұлақ бастан бұлғанбас» үшін форманың сақталуы қажет-ақ.

Тізе берсек, басқа да артықшылықтарды атауға болады, бірақ оның барлығы қарапайым қоғам мүшесіне де белгілі. Сондықтан қайыра айтарым –мектеп формасына қойылатын талаптарға жер астынан жік шыққандай таңтамаша болудың реті жоқ.

**–Арандатушы секілді көрінсе де кезекті бір сауалды қойғым келіп отыр. Кезінде кейбір азаматтар мектепте хижабқа жол берілмеуін Конституцияға қайшылық ретінде бағалап жатты. Бұған не дейсіз?**

– Арандатушы емес, алаңдатушы сауал бұл. Құқықтық сауаттылықтың қарапайым деңгейін игермегеніміздің көрінісі.

Құқықтық мәселелерді қозғағанда ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін психологиядан арылуымыз керек. Өзімізге керек нәрсені ғана көріп, керек еместі жылы тауып қойғаннан жағдай өзгермейді. Мәселеден қашу емес, оны шешу керек.

Басын ашып алатын бір мәселе – Ата Заңда «діни сенім бостандығы» деген ұғым жоқ. Ол «ар-ождан бостандығы» ұғымының аясында қамтылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар». Бірақ дәл осы бапта жазылғандай, «ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс». Яғни сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шет-шегі де айқын көрсетілген. Керітартпа пікірлерге арбалған кей азаматтар осы екінші ережені көргісі келмейді.

Ата Заң ең басты құқықтық қағидаттарды айқындайды. Ал онда айтылғаназаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерді салалық заңдар белгілейді. Аталмыш құқықтар мен міндеттерге байланысты болатын немесе оларды шектеуі мүмкін қатынастар да сол салалық заңдарда көрсетіледі. Сондықтан конституциялық және өзге де заңнамалық нормаларға сүйене отырып Білім туралы заң да өз саласындағы тиісті құқықтық қатынастарды айқындады. Оның ішінде білім алушылардың мектеп формасын сақтау міндеттілігі де бар.

Дәл осы секілді Ата Заң аясында әзірленген ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 5-тармағында ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқтығыатап көрсетілген.

Ал аталған заңның 3-бабының 8-тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтыны айтылған. Бірақ осы нормада да ескерту ретінде: «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген... жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген.

Сондықтан Білім туралы заңның білім мекемесінің ішкі тәртібін сақтау мақсатында мектеп формасына қойған талаптары азаматтардың ар-ождан бостандықтарын бұзбайды, керісінше олардың заңнамалық нормаларға кең түсінікпен, ашық азаматтық тұрғыдан карауын міндеттейді.

Әрбір саналы азаматтың заң қағидалары ар-ождан бостандығын қамтамасыз етумен қатар мемлекет алдындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді қоса жүктейтінін есте тұтқаны абзал. Қарапайым құқықтық сауаттылықтың шарты осындай.

**–Бұл бір сәті түскен сауал мен көкейден шыққан жауап болды. Ендігі түйткіл: Хижаб кию мұсылмандықтың тікелей көрінісі болып санала ма? Неге бұл мәселені кейбір тұлғалар осы мағынада көтеруге тырысады?**

–«Айта-айта Алтайды, Жамал апа қартайды» деген сөз көкейге оралады осындайда. Осындай сауалдың түбі бір қойылатынын біліп, атамыз қазақ талай-талай түйінді сөз айтып кетті ғой.

Дегенмен алдымен ислам қағидаларына жүгінейік. Ислам шариғаты бойынша «Лә иләһә илла Аллаһ, Мухаммад расулаллаһ» деп иман келтірген, осы кәлиманы тілмен айтып, жүрегімен сенген адамның мұсылман екеніне шүбәлануға ешкімнің құқығы жоқ. Яғни иман келтіру – мұсылмандықтың негізгі шарты.

Қазақстан мұсылмандары үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи мазхабының негізін салған Әбу Ханифа (Имам Ағзам): «Кім Алланы және одан түсірілгендерді тілмен де, жүрекпен де мойындаса, онда ол Алланың алдында да, адамдар үшін де мұсылман» деп жазады.

Енді хижаб мәселесіне келейік. Мұсылман әйелдердің орамал тағуы Құранда бұйырылғандықтан, ол парыз амал болып есептеледі. Парызды мойындамау – күпірлік, ол діннен шығуға алып барады. Ал орамалдың парыз екенін мойындаса, бірақ белгілі бір себептермен (біздің мысалымызда – мектеп формасын сақтау қажеттілігінен) таға алмаса, ол әйел немесе қыз баламұсылмандықтан шыққан болып саналмайды. Яғни жүрегінде иманы бар болса, орамал тақпаған әйелді «мұсылман емес, кәпір» деп ешкім айта алмайды. Керісінше, бұл жағдайда Мұхаммед пайғамбардың: «Кімде-кім бауырына: «Ей, кәпір!» десе, егер ол адам шынымен кәпір болмаса, онда айтқан адамның өзі кәпір болады» деген қатаң ескертуін есте ұстау орынды. Ислам шариғаты бойынша иман келтірген мұсылман адамды «кәпір» деп айыптауға болмайды.

Орамалдың парыз екеніне сену – иман мәселесі, ал оны тағу – амал мәселесі. Иман бөлек те, амал бөлек. Амал иманның бір бөлігі де, тікелей көрінісі де емес. Бұл жайында Әбу Ханифа Имам Ағзам былай деп жазады: «Алла Тағала иманды амалдардан артық етіп бекітті. Мүминдерді құлшылық етуге, зекет төлеуге, ораза тұтуға, қажылықты өтеуге ұмтылдыратын, Аллаға иман келтіруге шақыратын зекет, ораза немесе қажылық амалдары емес, керісінше, олардың имандары болып табылады. Бұл – осылай, өйткені олар алдымен иман келтірді, содан кейін амалдарды орындауға көшті. Аллаға деген сенім оларды діни парыздарды орындауға жұмылдырды, ал керісінше (болған жоқ, яғни) діни парыздар Аллаға деген иманды олардың жүректеріне қондырған жоқ».

Имам Ағзам әйелдердің белгілі бір жағдайларда Алла Тағаланың рұқсатымен намаз оқи алмайтынын – парыз амалды орындамайтынын айта келіп: «Егер иман мен амал бір десек, намаз оқымай жүрген кездерінде әйелді иманы жоқ деуге тура келер еді. Бірақ бұл олай емес, сондықтан иман мен амал бір емес» дейді.

Осы қисынмен пайымдасақ, мұсылман ер адамдардың да парыз амалдарды орындай алмайтын кезі болады. Мысалы, сапарда жүргенде Рамазан айының парыз болған оразасын ұстай алмауы мүмкін, бірақ сол кезеңде парыз амалды орындамағаны үшін оны «иманы жоқ» деп ешкім айыптай алмайды.

Орамалға қайта оралайық. Егер орамал мұсылмандықтың басты көрінісі болса, иманды жүректен бір сәт те өшіруге болмайтыны секілді, орамалды бір сәт те шешуге рұқсат берілмес еді. Бірақ ислам шариғатында олай емес – балиғатқа толған қыз бала мен әйел адам жақын туыстарының көзінше (ер адам болса да) орамалсыз, тұмшаланбай жүре алады. Бұл туралы талай дәлел-дәйектер келтіруге болады, бірақ ұзын сөздің қысқасы – иман орамалмен бірге алынып-салынып тұратын заттық дүние емес.

**–Өкінішке орай, орамалды мұсылмандықтың тікелей көрінісі санайтын жаңсақ түсініктер қоғамда кездесіп жатады...**

– Иә, оны да мысалмен өрнектейік. Өткен жылы мектептегі орамал мәселесіне қатысты бір әке – аты дардай заң ғылымдарының кандидаты былай деп жазыпты: «Бізге қызыңыз үйде, көшеде хижаб кие берсін, тек мектепте форманы сақтасын» дейді мұғалімдер. Біз қалайша қызымызға үйде мұсылман бол, мектепте мұсылман болма деп айтамыз?» Осы сөздерді оқығанда иман мен ислам жөніндегі түсінігіміздің осыншалықты құлдырап, қарапайым ислами ұғымдарды ажырата алмайтын қарабайыр деңгейге қашан түсіп үлгергенімізге таң болдым. Соны жазған әке – исламның негізгі шартын ұқпаған, діннің не екенін сезінбеген жан өзін кәміл мұсылманмын деп есептейді! Бұдан төмен тағы қайда барар екенбіз?!

Мұсылмандықтың не екенін Хақ діннің Елшісі – Мұхаммед пайғамбардан артық білетін адам жоқ. Сол пайғамбардың өзі: «Мұсылман дегеніміз – қолымен және тілімен мұсылманға залал келтірмеген адам» деген. Ал біз ол ұғымнан алыстағаннан алыстап барамыз... Біз мұсылмандықты тек формамен байланыстыруға әуестеніп алдық.

Исламның шынайы рухын терең сезінген кешегі қазақ «иманды» деп жүрегінде берік сенімі бар, терең адамгершілік қасиетке ие, ізгі мінез-құлықты жанды айтқан. Аталарымыз қашанда жүректегі иманды басты орынға қойған, «Сырт тазасы не керек, Тазарт әуел ішінді», деп риякерліктен тыйған. «Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбыңа (жүрегіңе), боямасыз ықыласыңа бітеді» деген Абай ақын да осы қисынмен пайымдаған. «Мұсылманшылық кімде жоқ, Тілде бар да, ділде жоқ» деп назаланған Әбубәкір Кердері қазақтың болмысына біткен жүректегі иманын жоқтады. Иман мен исламды ажыратып қарамаған қазақ өз танымын осылай өрнектеген еді...

2015 жылдың 7-8-желтоқсанында біздің орталық Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қарамағындағы діни сауат ашу курстары мен діни оқу орындарының ұстаздарына, мұсылман әйелдер бірлестіктерінің жетекшілеріне арналған оқыту семинарын өткізді. Сонда діндар ұстаздар қазіргі мешітке келушілердің сырт адамдар туралы сөз бола қалса, «мұсылман ба, мұсылман емес пе?» деп сұрауды үрдіске айналдырғанын, яғни бес уақыт намаз оқымайтын ерлер мен әйелдерді, орамал тақпайтын әйелдерді мешіт жамағатындағы бірқатар адамдардың «мұсылман емес» деп санайтынын қынжыла жеткізген болатын. «Радикалдану үдерісі мешіт жамағатынан басталмас үшін «мұсылман» ұғымы жөнінде ҚМДБ-ның ресми ұстанымы шығарылуы керек, бұл тақырыпқа арнайы уағыздар айтылуы қажет» деген ұсынысты да сол ұстаздардың өзі айтқан болатын. Діни басқарманың құлағына алтын сырға...

**–Мектеп жасындағы қыздар қатарында хижаб кигісі келетіндер саны қанша? Оған зерттеу жасалған ба?**

–Өткен жылы біздің орталық еліміздің барлық аймақтарында зерделеу жұмыстарын жүргізіп, 11000-ға жуық адамды қамтыған 200-дей іс-шара өткізді. Шаралар барысында 2105 адамнан сауалнама алынды. Оның 459-ы мектеп оқушылары болатын.

Бір ерекшелігі, сауалнама алу кезінде да, фокус-топтық талдаулар барысында да оқушылардың еркін сөйлеуіне, ашық пікір білдіруіне мүмкіндік берілгеніне және сауалнамалардың анонимді түрде толтырылғанына қарамастан оқушылар тарапынан бірде-бір рет хижаб кию мәселесі көтерілмеді.

Бұл мәселе сауалнамаға қатысқан 305 жергілікті тұрғын тарапынан да көтерілген жоқ. Мәселеге тек фокус-топтық талдауға қатысқан 330 мұғалімнің бірнешеуі назар аударды, оның өзі «Мектепте хижаб кию мәселесі көтерілген жағдайда оған қандай заңдық негіздер бойынша жауап берген жөн?» деген алдын алу шараларына қатысты сауал болды.

Айтылғандардан аңғаратынымыздай, мектептегі орамал мәселесіне қатысты айтарлықтай қызығушылық үрдісі байқалмайды, сондықтан тұрғын халықтың осы мәселе толғандыратын бөлігінің пайыздық көрсеткішін анықтау мүмкіндігі жоққа тән. Бәлкім, бұл көрсеткіш 0,01 пайызды да құрамас. Ал керісінше ел аумағындағы 8000-ға жуық мектептің басым бөлігінде хижабқа қатысты мәселе мүлде кездеспеген.

Бұл мәселені қоздырып, қоғамдық пікір туындап жатқан секілді етіп көрсетіп, санаулы адамдардың көмегімен қолдан пікірталас ұйымдастырып жататындар көп жағдайда заң талаптарын толық түсіріп-білмеген, діннің формалық жағына мән беріп, мазмұндық қырын назардан тыс қалдырған азаматтар немесе ішкі тұрақтылыққа сына қаққысы келетін мүдделі тұлғалар болып табылады.

**–Мектеп жасындағы қыздардың хижаб киюі оның сыныптастарына, өзіне қалай әсер етеді?**

– Ең күрделі мәселе де осы. Бәрінен бұрын бұл хижабты қыздың өзіне ауыр. Сыныптастарының оған тосырқай карауы да, шеттетуі де мүмкін. Базбіреулерімен тіл табысар, кейбірімен қарым-қатынасы шектеліп қалары сөзсіз. Хижабты оқушының мұғалімдерімен, мектеп басшылығымен мәмілеге келуі де мүмкін болмайды. Өйткені олар заңды негізде мектеп формасын сақтауды талап етеді. Ата-аналары ары тартады, ұстаздары бері тартады, екі оттың, сыныптастарын қоса алғанда үш оттың ортасында қыз бала қалады. Оқушылық өмірдің ең жақсы кезеңдері осылай сергелдеңмен өтеді.

Ал мұндай жағдайда баланың санасы қалай

***(соңы 10 бет.)***

*МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС*

# ОҚУШЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ОРАСАН ЖАУАПКЕРШІЛІК

*(соңы. басы 9 бет.)*

қалыптасарын ойлап көрдік пе? Ол екіге жарылмақ. Екі жағы да оңды емес.

Егер қыз бала ата-анасының ұстанымымен толық келіссе, өзін тура жолда жүрмін деп санайды, демек басқалардың бәрін адасқандар ретінде қабылдай бастайды. «Менікі ғана дұрыс, басқалардыкі жөн емес» деген астам әрі тұйық пікір қалыптасады жасөспірім қыздың бойында (Мұхаммед пайғамбардың: «Көкірегіңізде тарыдай менмендігіңіз болса, жұмаққа кірмейсіздер» деген хадисі еріксіз ойға оралып отыр). Дәл осы «менікі ғана дұрыс» деген пікір талай шетін көзқарасқа негіз болғанын да ұмытпайық. Ұстаздардың мектеп формасына қатысты талаптарынан құлағы жауыр болған қыздың зайырлы мемлекетке өкпесі қара қазандай тұлға болып жетілмесіне кім кепіл? Сол өкпе ертеңгі күні оны да осы ортаны тәрк етіп, Қазақстанды кәпірстанға балап, араб елдеріне хижра жасатпайтынына кепілдігіміз бар ма? Құдай бетін аулақ қылсын, ондай нәубеттің соңы айтпаса да белгілі...

Енді екінші жағына келейік. Егер қыз бала ата-анасының хижаб киюге қатысты ұстанымымен келіспесе, бірақ сыйлағандықтан немесе қорыққандықтан еріксіз олардың ырқына көнсе (ондай мысалдар да кездеседі), жасөспірім санасында отбасындағы түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын барлық психологиялық дерттер дамиды. Бала өзін отбасында бақытты сезініп өспесе, «Тайбурылдың қырық үш күн кемдігінің» орны толмайтыны секілді оның санасы ұдайы бақытсыздық пен жалғыздық сезімдеріне бейім болады. Бұған мектеп формасын сақтауды талап етуден туатын келіспеушіліктерді, қатар-құрбының қату көзқарасын тағы қосыңыз...

Балиғатқа толған қыз баланың мектеп табалдырығында жүретін бал дәурені – орта есеппен екі жыл, оның ішінде әр жылдың тоғыз айындағы сабақ күндерінің бес-алты сағаты ғана. Сол сағаттарды жасөспірімнің сын сағаттарына айналдырмайық. Тұлғалық болмысы толық қалыптаспаған балаң сананы сергелдеңге салмай, қыздарымызға тыныштық берейік. Оқушылық өмірдің қиындықтары онсыз да аз емес. Қалыптасу кезеңінен өтсін де, бойға жеткен қыз бала тура жолды саналы түрде таңдасын. Сонда ол ешқашан адаспайды.

Қыздарының мектепте орамал таға алмағанына ренішті ата-аналарға айтар едім: Егер үйде берген тәрбиеңіз түзу болса, қызыңызды иман негіздерімен отбасында сусындата білсеңіз, оған жасынан шынайы рухани тәлім берген болсаңыз, оның мектепте орамалсыз жүрген бес-алты сағаты қанына сіңген имандылықтан бір қадам да алыстата алмайды. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Ал отбасы тәрбиесі түзу болмаса, имансыздық дертінен баланы сандыққа салсаң да сақтап қала алмайсың.

**– Түйін сөзіңіз?**

–«Өспейтін бала өнбейтін дауды қуады» дегізбей, болар елдің баласына тән басалқалы мінез танытайық. Кешегі жер дауы мен жесір дауына бүгін хижаб дауын қолдан қосып, буынсыз жерге пышақ ұрмайық. Қазақтың өзге дерті де аз емес. Жанашыр болсақ, соларды емдейік.

Мемлекетіміз мектептен тыс жерде орамал тұрмақ, бес парыздың ешбіріне тыйым салып отырған жоқ, керісінше барлық азаматтармен қатар мұсылмандардың сенім бостандығына барынша жағдай жасап отыр. Дін-қарындастарымыз сол ізгі заңдарды игілігіне тұтынсын. Сөйтсін де сондай мемлекетті нәсіп еткен Алла Тағалаға шүкіршілік танытып, бейбіт Отанына адал қызмет етсін. Өйткені Мұхаммед пайғамбардың хадисінде айтылғандай: «Отанды сүю – иманнан»...

**Әңгімелескен Самат МҰСА,**
**«Егемен Қазақстан»**

*Білім берудің басты бағыттары*

# БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші - білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Елбасының жыл сайынғы Жолдауында да білім саласы қалыс қалып көрген емес. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Осы үш бағыт бойынша жұмыс жасау Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында да, ұзақмерзімді стратегияда да қамтылған. Білім беру саласын жаңғырту – бүгінгі заман талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады.

Оқу-тәрбие саласын жаңғырту бағыттың үдерістері біздегі білім саласына ене бастады. Атаулы бағыт бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейту жоспарланған. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Осыған орай 2016-2017 оқу жылы 1 сынып оқушылары жаңа оқу бағдарламасы бойынша оқытылатын болады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта оқытуды да айта кету керек.

2012 жылдан бастап қала мектептерінің 37 ұстазы жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курстарында білім алды. 2016 жылы мамыр айынан бастап 26 педагог қызметкерлері «Білім беру мазмұнын жаңарту» бағдарламасы аясында білімдерін жетілдіреді. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1.Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.

2.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

3.Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

4.Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.

5.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

6.Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

7.Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Бұл мәселелерді шешудің кілті ұстаздың қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу - ұлы міндет.

Үшінші бағыт - білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Бұған инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерді пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуалды педагогика тағы басқалар жатады. Жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдері бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияны енгізу, оқушының жеке интеллектуалдық қабілеттерін арттыру бағытында жұмыс жасап жатыр.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады» – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жа-дында сақтауы тиіс.

**Г. Касимова,**
*Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы*

*В преддверии конкурса «Мерейлі отбасы»*

# СЕМЬЯ В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

**Кульминация областного семейного конкурса «Мерейлі отбасы» уже не за горами. И семья Азамата и Татьяны Тулегеновых из Приозерска активно к нему готовится. В этом году на участие в конкурсе подали заявки 4 семьи. По результатам решения комиссии лучшим портфолио оказалось у Тулегеновых. Теперь им предстоит представить город на областном уровне.**

Здоровые полноценные семьи, преемственность поколений представляет собой своеобразный жизненный старт, тот самый багаж, который играет далеко не последнюю роль в жизни. Семья Тулеге-новых одна из таких, в которых чтут традиции, в том числе и профессиональные, достойно воспитывают детей, прив-нося, таким образом, свой вклад в создание здорового общества.



У Тулегеновых интернациональная семья. Азамат – казах, а его супруга Татьяна – русская. Однако это вовсе не мешает ей справляться со всеми национальными обычаями и традициями – встретить родню в своем доме или приготовить национальные блюда.

Азамат и Татьяна живут в Приозерске уже более 20 лет. Познакомившись на службе, они сразу поняли, что похожи друг на друга. И в выборе своей профессии оба не сомневались. 17 лет жизни они отдали службе в полиции. Сейчас оба ветераны МВД на заслуженном отдыхе. Азамат и Татьяна с улыбкой замечают, что время в семье полицейских течёт совсем по другим меркам – гораздо быстрее. Ведь они чаще видели друг друга на службе либо в служебных ситуациях, когда кому-то необходима их помощь, оказывать которую нередко приходилось совместно.

Они всегда мечтали о большой дружной семье, своем доме и тихом семейном счастье. Прожив в браке 14 лет, они поняли что их мечта сбылась. У них родились четверо прекрасных детей - трое девочек и один мальчик. Родители прививают детям уважение к старшим, трудолюбие, взаимопонимание. А главное – учат внимательно относиться друг к другу и к окружающим. В доме существует главная семейная традиция: за любое дело браться вместе.

Есть у детей уже и достижения - обе старшие девочки закончили учебный год с отличием, ну а младшей дочке только предстоит пойти в первый класс. Три года назад Татьяна исполнила самое большое желание Азамата –подарила ему сына.

-Надеюсь, что кто-либо из детей последует примеру родителей и в качестве своей будущей профессии выберет службу в полиции, - признается глава семьи Азамат.

Майор полиции, ветеран МВД Татьяна – счастливая мама четверых детей, любящая и любимая жена, красивая женщина, спортсменка, умница. А ее супруг, Азамат, как признается сама Татьяна, это опора семьи, настоящий мужчина, рядом с которым ничего не страшно!

**Анастасия ХОДЖЕР**

# ЖАС ӨНЕРПАЗДАРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Қаламыздағы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының өнер жолын таңдаған жас таланттары Балқаш қаласының «Өнер» мектебінде өткен шығармашылық әуенді ансамбльдік музыкалық аспапты орындап шығу аймақтық байқауына қатысып, өздерінің шеберліктерін шыңдап қайтты.

Балқаш қаласына жақын маңдағы қалалар мен алыс шалғайдағы ауылдық жерлерден жиналған өнерпаздардың арасында өткен сайыста қаламыздың өнерпаз жас жеткіншектері тамаша өнер көрсетіп, көрермендердің қошеметіне ие болды.

Ансамбльдік музыкалық шығарманы орындауда талантты Әйгерім Дулат пен Роман Левшин екеуі бірлесіп, қазақ халқының елге танымал «Жайдарман» және «Ләйлім» әндерінің әуендерін жоғары деңгейде орындап шығып, ерекше көзге түсті. «Ұстаздан шәкірт озар....» - демекші, осы орындауда «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының меңгерушісі С.Б. Попченкодан дәріс алған қазақ қызы Әйгерім фортепианода бастаған ән әуендерін шығармашылық орталықтағы домбыра сыныбының оқытушысы А.Нұртаеваның шәкірті болып саналатын орыс баласы Роман қос ішекті домбыра үнімен сүйемелдеп әкеткенде залдағы бас қосқан өнер сүйер қауым қол соғып, көпшіліктің шексіз ықыласына бөленді.

Сахна төріндегі фортепианода орындауда шығармашылық орталықтағы музыкалық аспаптарының оқытушысы А.Рымтаеваның шәкірті Маша Ильина мен аталған шығармашылық орталықтың музыкалық жас өнерпаздардың оқытушысы Е.Волкованың шәкірті Зарина Гасанова әуелі есімін бүкіл дүние жүзінің елі білетін атақты композитор П.И.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінен алынған вальстің әуенін әуелетсе, ілешала композитор А.Мельникованың «Наурыз» музыкалық шығармашылығын қалың көпшілік



алдында өз деңгейінде орындап шықты.

Байқау қорытындысы бойынша шығармашылық әуендерді музыкалық аспаптарда шебер орындап шыққан жас өнерпаздар Ә.Дулат пен Р.Левшин жүлделі екінші орынды қанағат тұтса, талантты М.Ильина мен З.Гасанова үшінші орынды иеленді. Балғын да жас талантты жеткіншектеріміздің өнердегі қол жеткізген қуаныштарына ортақпыз! Алдағы күндерде қаламыздың осындай өнер сүйер жас жеткіншектерінің қатары молайып, жоғары деңгейдегі түрлі сайыстарда алдыңғы қатарлардан көріне беретіндіктеріне сенімдімін!

**Тілек Алшымбекұлы**

*Жұмыспен қамту 2020 жол картасы*

# АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗ ТҰРҒЫНДАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КӨМЕКТЕСУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2016 жылдың қаңтар айынан бастап Приозерск қаласының «Жұмыспен қамту орталығы» «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасымен қатар жергілікті «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы (ПРТ) бойынша жұмыс ұсынады.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 97 Қаулысына сәйкес «Өрлеу» жобасы бекітіліп жүзеге асырылып жатқанын мәлімдейміз. «Өрлеу» жобасы – отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның), әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасыға (адамға) шартты ақшалай көмек беру бағдарламасы. Приозерск қаласы бойынша «Өрлеу жобасы» шеңберінде 4 отбасы, яғни 12 азамат қатысып шартты ақшалай көмектерін алды және жұмысқа орналастырылды.

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» арқылы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек жәрдемақысы және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақысы тағайындалады. Жұмыспен қамту орталығы арқылы бағдарлама аясында жұмыссыз азаматтарға, оның ішінде аз қамтылған отбасыларға аса үлкен көңіл бөлінеді. Атап айтсақ мамандығы жоқ жұмыссыз азаматтар «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында кәсіптік оқу курстары арқылы 1 айлық тегін оқу курстарын өтіп маман иесі атануға, уақытша ақылы – қоғамдық жұмыс орындарына жолдануға, жаңа бітірген жас мамандарға жастар тәжірибесін өтуге, әлеуметтік жұмыс орындарына жолдануға және тұрақты жұмыс орындарына жолдануға болады.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы аясындада ең бірінші кезекте аз қамтылған отбасыларға, ата – ана қамқорлығынсыз қалған азаматтарға, мүгедектерге, бас бостандығынан айыру орнынан босап келген азаматтарға ең бірінші кезекте көңіл бөлінеді. Бағдарлама 3 бағыт бойынша жүзеге асады, қысқаша айтсақ әлеуметтік жұмыс орындарына жолдануға, қайта даярлау курстарын, кәсіптік оқыту курстарын өтуге, жастар тәжірибесіне жолдануға, тұрақты жұмысқа орналасуға және өз ісін ашуға немесе кеңейтуге шағын несие алуға болады.

Приозерск қаласы бойынша ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін «Жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тіркелген жұмыссыз азаматтар саны - 314, тұрақты жұмысқа орналасқан азаматтар – 137, уақытша ақылы – қоғамдық жұмыс орнына және 2 төменгі айлық көрсеткішімен аула жинауға – 183, кәсіби оқыту курсына (1С, оператор – кассир және массажист мамандығы бойынша) – 38 жұмыссыз азаматтар жолданды.

**«Жұмыспен қамту орталығы»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

*Темекінің қасіреті*

# «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҮКІЛӘЛЕМДІК ТЕМЕКІСІЗ КҮН» АКЦИЯСЫ БОЛЫП ӨТТІ

Темекі – адам денсаулығына қауіп төндіретін зиянды заттардың бірі. Осыны қала тұрғындары мен жасөспірім балаларға түсіндіру мақсатында 30-мамыр күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде «Темекінің қасіреті» атты арнайы тақырыптық көрме ұйымдастырылған болатын. Жалпы іс-шараның мақсаты балалар мен жасөспірімдерге темекінің зиянды зат екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, қоғамдағы өзекті мәселенің бірі темекі туралы, оның құрамы, адам ағзасына тигізер зияны туралы дерек келтіре отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуға, темекіге үйір болмауға тәрбиелеу.

Сондай-ақ, ересек оқырмандар арасында «Темекі шегу – сіздің денсаулығыңызға қаншалықты зиян келтіруде?» атты сұхбат ұйымдастырылды. Үлкен адамдар таңдауды өздері жасағанда бір нәрсені ескермейді, ол – темекіні балалардың арасында шегу. Балалар олардың айналасында жиі тыныс алу арқылы темекінің түтінін жұтады. Яғни, бұл -біздің болашағымыз - балаларды айықпас дертке ұшырату деген сөз. Оларды улау кешірілмес күнә болып есептеледі. Бұл бүкіләлемдік дерт.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиялық даму бағдарламасындағы халқына жолдауында «Қазақстанның әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болуы тиіс» - деп атап көрсеткен болатын. Яғни, мемлекеттің бірінші кезектегі атқаратын шараларының бірі халық денсаулығын нығайту. XXI ғасырда қоғам тек жалаң адамдар тобынан ғана емес, сонымен бірге денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні кіршіксіз таза , танымдық белсенділігі мен өздігінен білім алуға деген ынтасы мен шығармашылық қабілеті ерек-ше тұлғалардан тұруы тиіс.



Олай болса, біз «Салауатты өмір салтын» насихаттап, келеңсіз жағдайлардың алдын алып, «XXI ғасыр – салауатты қоғам ғасырын» құруымыз керек. Өткізілген акцияның өз тақырыбымен де, өз мазмұнымен де және өзінің әсерімен де өте маңызды іс-шара екені айтпаса да түсінікті. Осындай ағзаны улайтын дерттен сақтанайық, ағайын!

**Б. Алшынбекұлы**

***ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА***

# О ПРИМЕНЕНИИ ГАЗОВЫХ БАЛЛОНОВ С ПРОПАНОМ

В результате создавшегося положения, назрела необходимость вновь напомнить всем о том, что размещение баллонов внутри зданий, имеющих более двух этажей, не допускаются. Да и в 2-х этажных жилых домах, разрешается установка баллонов при наличии квартир не более 8-ми.

На основании СНиП РК 2.04.08-87 п.9.49 “использование и хранение газовых-пропановых баллонов в зданиях имеющих более 2-х этажей запрещается”.

Нельзя оставлять без внимания тот факт, что сжиженные газы являются газами с наиболее низкими пределами взрываемости, при которых образуется способная воспламениться газовоздушная смесь. Поэтому каждый, кто несёт неисправный баллон в квартиру многоэтажного дома, должен знать, что принёс бомбу для себя и своих соседей. Бесконтрольное горение сжиженных газов в помещениях или на открытых площадках может вызвать пожар, который представляет опасность для жизни и может привести к разрушению строений.

Но не следует идти и по ошибочному, очень опасному пути – широкому внедрению использования баллонов в домах многоэтажной застройки.

**Необходимо помнить, что ответственность за сохранность и исправное состояние газового оборудования в жилых домах несут их владельцы.**

**Т.К. Жадрасинова,**
*И.о.начальника отдела по чрезвычайным ситуациям г.Приозерск,*
*капитан гражданской защиты*

*Исполняя поручения Президента*

# ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ “ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН”. ПЕРСПЕКТИВЫ И ЗАДАЧИ

**3 июня 2016г. г. Астана.**

**Текущее состояние дел и перспективные задачи недавно созданной Госкорпорации «Правительство для граждан» обсуждалось сегодня в ходе расширенного заседания правления организации под председательством Заместителя Премьер-Министра РК Дариги Назарбаевой.**

В заседании приняли участие Министр информации и коммуникаций Республики Казахстан Даурен Абаев, депутаты Парламента Республики Казахстан, ответственные работники государственных органов, а также работники самой госкорпорации.

В ходе заседания обсуждалось успешное проведение реорганизации четырех РГП, вошедших в госкорпорацию «Правительство для граждан» – «ЦОН», «ГЦВП», «НПЦЗем» и «ЦПН», объединившей в единой структуре более 20 тысяч работников. Было отмечено, что, несмотря на сложный процесс реорганизации, ухудшение работы по оказанию государственных услуг не допущено, а работа структурных подразделений ни на один день остановлена не была.

В новой структуре объединены 530 госуслуг, которые оказываются населению по принципу «одного окна». Недавно межведомственная комиссия по отбору государственных услуг, подлежащих оказанию через Государственную корпорацию «Правительство для граждан» определила 53 новые услуги для передачи в Госкорпорацию. Таким образом, в ближайшем будущем граждане смогут получать через фронт-офисы Госкорпорации «Правительство для граждан» 583 услуги.

Обширная сеть фронт-офисов, а их 479 по всей стране, ежедневно обслуживает тысячи граждан. Отработаны механизмы взаимодействия с населением. К единому графику переведена работа всех фронт-офисов – на график работы ЦОНов с 9.00 до 20.00 перешло большинство отделений ГЦВП.

На безбарьерное обслуживание переведены 143 фронт-офиса ГЦВП, идет работа по переводу на безбарьерное обслуживание оставшихся 78.

«Уже свыше 70% государственных услуг граждане могут получить через Госкорпорацию «Правительство для граждан». Качество, комфорт, максимальное упрощение для граждан должны быть основными приоритетными направлениями развития госкорпорации», - обозначила Заместитель Премьер-Министра РК Дарига Назарбаева в ходе заседания.

В планах госкорпорации – совершенствование оказания государственных услуг, использование передовых технологий и решений, снижение административных барьеров при получении государственных услуг, переход от принципа «одного окна» к принципу «одного заявления».

Сейчас в Госкорпорации идет работа по изучению услуг в части сокращения пакета документов и сокращения времени оказания госуслуг. Так, недавно были упрощены процедуры в сфере технического обследования недвижимости. Если раньше для техобследования жилья нужно было дождаться его чистовой отделки, то сейчас собственники смогут заказать его для недвижимости в черновой отделке. Изменения коснулись и перепланировок перегородочных стен. Если раньше, чтобы произвести перепланировку внутренней стены толщиной более 5 см необходимо было согласование уполномоченного органа (архитектура, ГАСК), без которого услуга по техобследованию не оказывалась, то теперь узаконение требуется исключительно в случаях перепланировки капитальных перегородочных стен.

С момента начала работы 11 апреля 2016г. государственная корпорация функционирует как единый провайдер государственных услуг, созданный в стремлении обеспечить гражданам доступ ко всем государственным услугам на уровне комфорта лучших мировых аналогов.

Большинство социально значимых услуг граждане получают в госкорпорации по принципу «одного окна». Такой подход способствует противодействию коррупции, сокращению ненужных административных барьеров и перечня запрашиваемых документов, чтобы процесс оказания услуг стал более прозрачным, а сроки их оказания сократились.

Инициативы в прозрачности предо-ставления услуг, сокращении административных барьеров должны реализовываться в контексте подотчетности государства обществу, а не наоборот», - отметила в своем выступлении Дарига Назарбаева.

Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» создано по поручению Главы Государства в рамках реализации «Плана Нации – 100 конкретных шагов». Организация объединила в своей структуре 4 РГП – «Центр обслуживания населения», «Научно-производственный центр земельного кадастра», «Центр по недвижимости» и «Государственный центр по выплате пенсий».

**ЦОН г.Приозерск**

*Стоп коррупции!*

# О ПРОТИВОДЕЙСТВИИ КОРРУПЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ

Сегодня, когда наша страна вступила в качественно новый этап общественно-политического и социально-экономического развития, принципиальная борьба с коррупцией становится важнейшим условием не только продвижения начатых реформ, но в целом, успешного развития страны и реализации поставленной Президентом задачи по вхождению Казахстана в число наиболее конкурентоспособных государств. Борьба с коррупцией является одним из приоритетных направлений государственной политики Республики Казахстан. Связи с этим Закон РК «О противодействии коррупции» разработан в рамках реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы, 13 Шага «Плана Нации – 100 конкретных шагов по реализации Пяти институциональных реформ Главы государства», Программы противодействия коррупции партии «Нұр Отан» на 2015-2025 годы.

Главными достижениями современного этапа противодействия коррупции в республике, является изменение содержания населения. Коррупция воспринимается не просто как нарушение закона, а как опасность, которая угрожает развитию государства. Вместе с тем, усилия, которые предпринимаются в области противодействия коррупции, не дают желаемых результатов. Так, сохраняются высокие коррупционные риски, угрозы для жизнедеятельности государства, общества и человека, что составит под вопрос уровень эффективности принимаемых правовых мер в данной области. Меры, которые предпринимаются правоохранительными органами, не способны, изолированно от иных мер, устранить главные причины коррупции. Так как основные факторы находятся в области функционирования государственного, хозяйственно-экономического механизма, а также социально-культурной сферы.

С целью реализации программных требований и международных обязательств в законе уделено внимание противодействию коррупции в частном и квазигосударственном секторе. Так, субъектами коррупции являются служащие квазигосударственного сектора, субъекты частного предпринимательства, которые при осуществлении своей деятельности должны будут принимать меры по предупреждению коррупции.

Согласно Программы противодействия коррупции на 2015-2025 годы в **мерах противодействия коррупции особое внимание уделено повышению качества оказания государственных услуг.** Как показывает международный опыт, доверие населения к власти во многом определяется уровнем бытовой коррупции. Это то, с чем граждане и бизнес сталкиваются повседневно при получении государственных услуг.

В этой связи, для системного повышения качества оказания государственных услуг стоят задачи по:

–обеспечению с 2015 года выдачи всех разрешений в электронном виде;

–переводу к 2016 году 100% социально значимых государственных услуг в электронный формат;

–оказанию к 2020 году не менее 80% государственных услуг в электронном виде и к 2025 году – 100%;

–оказанию к 2025 году не менее половины государственных услуг по принципу «одного окна» (через ЦОНы).

Результатом принятых мер станет вхождение Казахстана к 2025 году в первую тридцатку стран Глобального индекса конкурентоспособности по показателю «Этика и коррупция».

**Отдел предпринимательстваи сельского хозяйства города Приозерск**

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

***Жоба***

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА КӨШПЕЛІ САУДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 32 бабына, 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. «Приозерск қаласында көшпелі сауданы ұйымдастыру туралы» Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 19 қыркүйектегі №25/234 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2407 болып тіркелген).

3.Осы қаулының орындалуын бақылау әкім орынбасары Д.Ш. Сәденовке жүктелсін.

4.Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қала әкімі** **Қ. Камзин**

Приозерск қаласы әкімдігінің
2016 жылғы «___»___________
№__________қаулысына қосымша

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА КӨШПЕЛІ САУДАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ОРЫНДАРЫ

| № | Сауда орындары | Сауда аланы, шаршы метр |
|---|---|---|
| 1 | Кисунько көшесі, № 13/3 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| 2 | Дружба Народов көшесі, № 2 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| 3 | Космонавттар көшесі, № 1/2 үйдің және Балқаш көшесі, № 2/2 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| 4 | Озерная көшесіндегі «Березка» дүкенінің алдында | 60 ш.м. |
| 5 | Р. Қошқарбаев көшесі, № 7/2 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| 6 | Абай көшесі, №7 үйдің және Ағыбай батыр көшесі, № 3 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| 7 | Бауыржан Момышұлы көшесі, № 12 үйдің алдында | 60 ш.м. |
| | **Барлығы** | **420 ш.м.** |

### ПРИОЗЕРСК ГАРНИЗОНЫНЫҢ ӘСКЕРИ ПРОКУРАТУРАСЫНДА БЕЙНЕ КОНФЕРЕНЦИЯ БАЙЛАНЫСЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН БАС ӘСКЕРИ ПРОКУРОР ӘДІЛЕТ ГЕНЕРАЛ – ЛЕЙТЕНАНТЫ Е.С.МЕРЗАДИНОВТЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫ

2016 жылдың 16 маусымында сағат 15.30 - да Приозерск қаласы, Достық 8 көшесінде орналасқан Приозерск гарнизонының әскери прокуратурасы ғимаратында бейне конференция байланысы арқылы өтетін Бас әскери прокурор әділет генерал – лейтенанты Е.С.Мерзадиновтың жеке қабылдауы жоспарланған.

Осыған байланысты, Бас әскери прокурордың жеке қабылдауына ынта білдіргендер алдын ала жазылуы тиіс.

Қабылдауға, 2016 жылдың 9 маусымына дейін Приозерск гарнизонының әскери прокуратурасы Приозерск қаласы, Достық 8 көшесі мекен-жайы арқылы немесе **8(71039)5-28-24, 8(71039)5-40-54, 8(71039)5-26-89** телефондары арқылы жазылуға болады.

Жеке қабылдауға, әр көкейкесті сұрақтары бар қалаған ынта білдірушілер жүгіне алады.

Қажет болған жағдайда, құпия сақталуына кепілдік етеміз.

**Приозерск гарнизонының**
**әскери прокуратурасы**

***

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**Проект**

# ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ВЫЕЗДНОЙ ТОРГОВЛИ В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК

В соответсттвии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьями 8, 27 Закона Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности», приказом и.о. Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264 «Об утверждении Правил внутренней торговли», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Определить места для осуществления выездной торговли в городе Приозерск согласно приложению к данному постановлению.

2.Признать утратившим силу постановление акимата города Приозерск № 25/234 от 19 сентября 2013 года «Об организации выездной торговли в городе Приозерск» (внесен в Реестр *государственной регистрации нормативных правовых актов* с присвоением № 2407).

3.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Саденова Д.Ш.

4.Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после первого официального опубликования.

**Аким города** **К. Камзин**

Приложение к постановлению
акимата города Приозерск
от «___»___________2013 года
№__________

## МЕСТА ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ВЫЕЗДНОЙ ТОРГОВЛИ В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК

| № | Места торговли | Площадь торговли, квадратных метров |
|---|---|---|
| 1 | Перед домом № 13/3 по улице Кисунько | 60 кв.м. |
| 2 | Перед домом № 2 по улице Дружбы Народов | 60 кв.м |
| 3 | Перед домами № ½ по улице Космонавтов и № 2/2 по улице Балхашская | 60 кв.м. |
| 4 | Перед магазином «Березка» по улице Озерная | 60 кв.м. |
| 5 | Перед домом № 7/2 по улице Р. Кошкарбаева | 60 кв.м. |
| 6 | Перед домами №7 по улице Абая и № 3 по улице Агыбай батыра | 60 кв.м. |
| 7 | Перед домам № 12/1по улице Бауыржана Момышулы | 60 кв.м. |
| | **Итого:** | **420 кв.м.** |

### ЛИЧНЫЙ ПРИЕМ ГЛАВНЫМ ВОЕННЫМ ПРОКУРОРОМ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТОМ ЮСТИЦИИ МЕРЗАДИНОВЫМ Е.С. В РЕЖИМЕ ВИДЕОКОНФЕРЕНЦСВЯЗИ В ВОЕННОЙ ПРОКУРАТУРЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГАРНИЗОНА

16 июня 2016 года в 15.30 часов запланировано проведение личного приема граждан Главным военным прокурором генерал-лейтенантом юстиции Мерзадиновым Е.С. посредством видео-конференцсвязи в здании военной прокуратуры Приозерского гарнизона по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 8.

В этой связи, все желающие лично обратиться к Главному военному прокурору могут предварительно записаться на прием.

Для записи на прием, необходимо до 9 июня 2016 года обратиться в военную прокуратуру Приозерского гарнизона по адресу г.Приозерск, ул.Достык,8 или по телефонам **8(71039)5-28-24, 8(71039)5-40-54, 8(71039)5-26-89.**

На личный прием может обратиться любой желающий, по любому интересующему Вас вопросу.

При желании, конфиденциальность гарантируется.

**Военная прокуратура**
**Приозерского гарнизона**

*Зиянкес жәндіктерден сақтанайық!*

# ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанда шегіртке тектес зиянкестердің 270-тен аса түрлері мекен етеді. Алайда осылардың ішінде тек 10-15 түрі ғана астық пен техникалық дақылдардың, көкөніс, бау-бақша егістерінің, мал жайылымдарының және шабындық жерлердің аса қауіпті зиянкестері болып табылады.

Зиянды шегірткелер. Қазақстанның солтүстігінде таралғандары: итальяндық прус – Calliptamus italicus italikus L. кресті кішкене саяқ шегіртке – Dociosturus breviocolis, ақ жолақты – Chortippus albomarginatus D.G. және басқалар. Азиялық шегірткенің тұрақты қоныстары Қазақстанның оңтүстік жартысындағы ну қамысты жерлер, осы жерлерден олар басқа алыс өңірлерге тарала алады. Барлық шегірткелердің ұзынша денесі, секіруге қолайлы артқы аяқтары, кеміргіш ауыздары, қатты дамыған алдыңғы кеудесі, жіңішке үстінгі қанаты, жалпақ, желдеткішке ұқсас жиналатын қанаттары болады. Жылына бір ұрпақ береді. Ұрғашы шегіртткенің арнаулы бөліп шығаратын сұйық затымен қатайған топырақтан жасалған күбіршеде тың жерлерде, жайылымдарда, құмдардың шетінде және т.б. жерлерде жұмыртқа күйінде қыстайды. Шегірткелер жұмыртқалардан әр мезгілде шығады. Дернәсіл ересек шегірткеге ұқсас боп туады. Дернәсіл 30-40 күн дамиды. Даму кезеңінде дернәсіл 4-5 рет түлеп, 4-5 жас өтеді. Дернәсілдер және ересек шегірткелер әр түрлі өсімдітерді зақымдайды: дәнді дақылдарды, майлық дақылдарды, көкөністерді, жайылымдар мен шабындықтарды. Олар құрғақшылық кезінде, табиғи өсімдіктер күйіп кеткенде өте қауіпті. Тым көп көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға қатты зиян келтіреді, олардың жер бетіндегі биомасса бөліктерін құртып жібереді. Шегірткелердің көп жылдық динамикасында циклдік байқалады – қатты көбеюлері мен депрессиялық жайлар кезектесіп отырады.

Шегірткелер үйірлі және саяқ тектестерге бөлінеді. Соның ішінде үйірлі шегірткелер аса қауіпті зиянкес ретінде бағаланады.

Алайда шегіртке тектес зиянкестердің саяқ түрлерімен күресу өзекті мәселе болып тұрғандығын айтуымыз керек. Олар жаппай таралған және жаппай таралу кезінде үйірлі шегірткелерден кем емес зиян келтіре алады. Олардың негізгі өмір сүру орны ауыл шаруашылығы егістіктерінің және жайылымдардың маңы болып келеді де, жем іздеу барысында олар алқаптарға ауысуы да әбден мүмкін.

Күресу шаралары. Шегірткелерге қарсы күресу шараларын олардың сандарына бақылау жасаудың нәтижесіне қарап пайдаланады. Алдын алу шараларының маңыздысы ерте көктемде шегірткелер табылған егістік танаптарды біз тұмсықты немесе дискілі тырмалармен, ал көп жылдық шөптерді тісті немесе бізтұмсықты тырмалармен өңдеу. Сонымен бірге танап аралықтарын, танаппен шектесетін тың және егін егілмейтін жерлерді де өңдеу қажет. Егін алқаптарында жою шаралары инсектицидтермен саяқ шегірткелерге қарсы 8-10 дернәсіл/м2 , үйірлі шегірткелерге қарсы 5 және оданда көп дернәсіл/м2 болғанда жүргізіледі. Дернәсілдерді есепке алу жұмыстарын таңертелікте немесе кешкілікте маршрутпен жүріп 100 метр сайын әрқайсысы 1м2 алаңқайда көзбен шолып жүргізеді немесе рамканың көмегімен әрбәр секірген шегірткені есептеп, кейін 1м2 қанша болатындықтарын анықтайды. Егер бір станцияны мекендеген шегірткелердің түрі көп болса, жұмыртқалардан әр мезгілде шықса және жастары әр түрлі болған жағдайда ұзақ уақыт әсер ететін инсектицидтерді пайдаланған дұрыс. Химиялық өңдеу жұмыстары акцент 40%, даклоприд 20%, дессенлин 48%, кардинал, комбат 550 препараттарымен дернәсілдер қанаттанғанға дейін жүргізілсе, тиімділігі жоғары болады.

**КАДИРОВА К.Р.,**
*«Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы*

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 22/458*** Тираж: 500 экз., объем- 3п.л., формат - А2, 12 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*